

6D073100 – «Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Мұнай өндіру қалдығы – Тенгіз күкіртін қолдана отырып термотұрақты композициялық материалдар технологиясын әзірлеу» тақырыбындағы П.М. Жарылқасынның диссертациялық жұмысына

ШІКІР

Жарылқасын Перизат Мұратқызы 2015 жылы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетіне 6D073100 - «Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі» мамандығы бойынша докторантураға оқуға түсті және 2018 жылы оқудың толық курсы аяқтады.

П.М. Жарылқасынның диссертациялық жұмысы мұнайды өндіру барысында түзілетін газды күкіртті қалдықтарды резеңке қоспасына вулкандашушы агент ретінде қолдану жолымен қажетке жарату технологиясын жасауға, ұсынылған технология негізінде ашық күйінде карталарда сақталатын күкіртті қалдықтардың қоршаған орта компоненттеріне теріс ықпалын төмендетуге бағытталған.

Докторант өндіріс қалдықтарының қоршаған ортаға теріс әсерін азайту мақсатында күкіртті қалдықтарды карталарда ашық сақтаумен шектелудің жеткіліксіз екенін, оларды қайта өңдеу мәселелерін шешуде техникалық резеңке өндірісінің маңызды рөл атқаратынын дәлелдеген. Мұнай өндіруде түзілетін қалдықтардың нақты құрамына байланысты оларды қажетке жарату мәселесін шешудегі келешекті бағыт кешенді өңдеу принципі болып табылатындығына көз жеткізген.

Осылайша күкіртті қалдықтарды қажетке жарату және ұтымды пайдалану тәсілдерін зерттеу және әзірлеу пайдалы өнімдердің шығынын азайту, тіршілік иелері мен қоршаған табиғи ортаны улы компоненттермен ластанудан қорғау, жер ресурстарын ұтымды пайдалану және қорғау үшін экологиялық-экономикалық маңызы бар өзекті ғылыми мәселе шешімін тапқан.

Докторант мұнай өндіру және өндеуде түзілетін газды күкіртті қалдықтардың, олардың уытты компоненттерінің ашық алаңдарда санитарлық-гигиеналық сақталу шарттары негізінде қоршаған ортаға әсерлерін анықтап, полимерлі күйге өткізу жолымен қажетке жарату негізінде техногендік және экологиялық ауыртпалығын жою мүмкіндігін ұсынған. Зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында тиімді рецептура негізінде протекторлық резеңкенің физика-механикалық қасиеттеріне тенгіз күкіртін мөлшерлеу жолымен ықпал ету заңдылықтары орнатылған.

Диссертацияда Тенгіз мұнай кен орнында түзілетін күкіртті қалдықтарды ашық күйінде карталарда сақтау кезінде улы компоненттерінің атмосфера ауасына таралу көрсеткіштері нормативтік шамадан артық ластанатын санитарлық бағалау жолымен көрсеткен. Күкіртті қосылыстардың қоршаған ортаға зиянды әсерін анықтайтын талдау әдісі

